

**Екіаша ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға
арналған бюджетінің жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Бүгін Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған 2019 – 2021 жылдарға арналған Екіаша ауылдық округінің бюджетінің жобасы.

Екіаша ауылдық округінің бюджетінің көлемі Бюджеттік Кодекске сай қазан айында жасалған бюджеттік тапсырыспен, қараша айында қорғалған, аудандың даму бағдарламасы бойынша аудандық бюджеттік комиссияда да қаралып, анықталып, өзгерістер енгізіліп, нақтыланған.

2019 жылы жалпы бюджетке келетін түсімдердің жобасы – 72942,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

кірістер– 72942,0 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша-4192,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша -0,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша -0,0 мың теңге;
трансферттердің түсімдері бойынша–0,0 мың теңге, соның ішінде:
ағымдағы нысаналы трансферттер- 0,0 мың теңге;
нысаналы даму трансферттері – 13249,0 мың теңге;
субвенциялар-54000,0 мың теңге;
Шығындар – 72942,0 мың теңге.

1) Бюджет тапшылығы – 1501,0 мың теңге;

2) Бюджет тапшылығын қаржыландыру -0,0 мың теңге, соның ішінде:

2019 жылға арналған аудандық бюджеттің түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, мынандай түсімдерінің есебінен қалыптасады: Ауылдың бюджеті ауданнан келетін трансферттермен қоса, салық түсімдер (жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынбайтын табыстыры бойынша жеке табыс салығы, жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы, жеке және заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдарына салық, сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы), салық емес түсімдер(мемлекеттік мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беруден түсетін кірістер; коммуналдық меншікті сатудан түсетін кірістер; жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары; әкімдердің «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін өндіріп алатын айыппұлдар қамтылған), негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен толады.

Бюджет шығыстары

Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексіне сәйкес 2019 жылға ауылдық округ бюджетінің барлық шығындар жобасы 72942,0 мың теңгені құрады.

Функционалдық топтар бойынша бюджеттің шығыс құрылымы:

1-ші функционалдық тобы бойынша

«Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер»

Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар -21524,0 мың теңгені құрайды оның ішінде:

Ауылдық округтер әкімінің аппаратына «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасына -21424,0 мың теңге.

Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстарына- 100,0 мың теңге - бөлініп отыр.

4-ші функционалдық тобы
Білім беру

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру - 48159

7-ші функционалдық тобы

«Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық» бойынша - 1751,0 мың теңге

карастырылды оның ішінде :

Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру- 600,0 мың теңге.

Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету- 150,0 мың теңге.

Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру- 1001,0 мың теңге.

13-ші функционалдық тобы

«Көлік және коммуникация» бойынша шығыстар болжамы -408,0 мың

теңгені құрайды. Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету -408,0 мың теңге.

Екіатау ауылдық округінің әкімі



М.Естеуов